

Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ның Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылау мақсатында өткізілетін жиын.

Хаттама №2

Өткізілген күні: 20.06.2024ж

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі:

- 1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерімен таныстыру.
- 2.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша жазылып жатқан талдамалық анықтаманы талдау.
- 3.Түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Жұмысшы топ жетекшісі Д.С.Ахметова ішкі талдау барысы және нәтижелері туралы есепті назарға алуды сұрады.

2022 жылғы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V заңының 8 бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығына сәйкес Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКК-ны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсанда, жұмысшы топ және іс-шара жоспары бекітілгенін, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бекітілген үлгілік қағидаға сәйкес қамтылғанын, іс-шара жоспары мен ішкі талдау жүргізу кезеңі 2024 жылдың 17 мамыр айымен 28 маусым ай аралығы етіп бекітілгенін хабарлады.

Қамтылған бағыттар бойынша анықталған кемшіліктер және ұсыныстармен таныстырылды. Ақсақалдар алқа төрағасының орынбасары, қоғам қайраткері С.Тұрғанбаев жиналыс барысында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізіліп жатқан ішкі талдау нәтижелерін алдын ала жария талқылауға қала тұрғындарын ескертіңіздер ме деген сұрақ туды? Оған комплаенс офицері Д.Туленов «Сыбайлас жемқорлық ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күніне дейін кешіктірмей 10 күн бұрын Бақ-та және әлуметтік желіде жарияланғанын айтты».

Ақсақалдар алқа төрағасының орынбасары, қоғам қайраткері, белсенділері М.Тұрысбеков және С.Тұрғанбаев өз сөзінде талдамалық анықтамамен танысып шыққанын, ішінде орын алғын тәуекелдерді жою және жемқорлыққа жол бермеу үшін мекеме басшысы ашық әрі жария жұмыс жасау қажет екенін ескертті айтты. Осы мәселе бойынша сөзге қосылған ақсақалдар алқасының төрағасының орынбасары қоғамдық бірлестік төрағасы М.Тұрысбеков анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ұсыныстар тиімді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмауға бағытталған, яғни дұрыс екендігін және жемқорлықпен күресудің бірден-бір шарты ол таза әрі адал еңбек ету екендігін ерекше атап өтті. Ақсақалдар алқа төрағасының орынбасары М.Тұрысбеков топ мүшелеріне сұрақ қойды: «Егер сіздер тексеру кезінде қандай да бір жемқорлық фактісін анықтасаңыздар не істейсіздер? Кадр бөлім басшысы м.а О.Омар жауап берді: «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша талдау ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысына қарауға ұсынылады, тиісті ұсынымдар жасалады; мысалға құқықтық актілерді немесе ішкі құжаттарды әзірлеу және қабылдау, оларға сыбайлас жемқорлық фактілерін жоюға бағытталған өзгерістер енгізіледі, лауазымды тұлғалардың өкілеттіліктері нақтыланады, объектінің қызметіне бақылау жасалады. Сонмен қатар, құзіретті мемлекеттік органдар тарапынан шаралар қабылдау көзделген жағдайда оларға тиісті хабар жіберіледі, бірлескен іс шара өткізу ұсынылады.»

Қоғамдық ұйымдардың және әлуметтік серіктестің маманы мекемеде жүргізіліп жатқан ішкі талдау жұмыстарының барысымен, талдамалық анықтамамен жан жақты танысты, жұмыс тобының жұмысын қанағаттырарлық деп тапты.

Қорытынды:

Осы жиналыс барысы туралы мәліметті кәсіпорынның сайтына және әлуметтік желідегі парақшасына жариялансын. Жұмысшы топ талдамалық анықтаманың ішіне жиналыста талқыланған мәселелерді қосу туралы шешім қабылданды.

Жиналыс төрайымы



Д.Ахметова

Басшы орынбасарының м.а




Ғ.Сәрсенбай

Кадр басшысы м.а



О.Омар

Бас есепші м.а



Ж.Усинбаева

Коплаенс офицер



Д.Туленов

Қоғам белсендісі




М.Тұрысбеков

Қоғам белсендісі



С.Тұрғанбаев

Хатшы



Н.Абдулла